

ҰЛТ БОЛМЫСЫ

Республикалық патриоттық, әдеби-танымдық журнал

№ 3 (68)

НАУРЫЗ 2019



Әбдіжәміл
НҰРПЕЙІСОВ:
"ҚАЗАҚТЫҢ
ЧЕХОВЫ"
4-БЕТ

Қали СӘРСЕНБАЙ:
"ЖАЗУШЫНЫҢ
ЖҮРЕГІ"
16-БЕТ

Рахымжан
ОТАРБАЕВ:
"БАС" романы
72-БЕТ

Сүлеймен
ШАТҒАН:
"БҰЛТСЫЗ КҮНГІ
НАЙЗАҒАЙ"
12-БЕТ

Рахымжан ОТАРБАЕВ:

**«Сіздермен қанаттас өмір
сүргеніме бақыттымын»**

Ұлықбек ЕСДӘУЛЕТ,
Қазақстан Жазушылар Одағының басқарма
төрағасы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері

ОЛ ӘУЕЛДЕН ПРОЗА ҮШІН ТУҒАН ЖАЗУШЫ ЕДІ...

Рахымжанмен алғашқы танысуымыз Жүмекен Нәжімеденов ағамыздың үйінде болды. Жүмекен аға оны Жұматай Жақыпбаев екеумізге «оған қарағанда көргендерің көп ғой, көз қырларыңды сала жүріңдер» деп көп тапсырды. Артынан дос әрі сыйлас, сырлас болдық. Орынды-орынсыз әзілдесе беруші едік.

Ноқта киіп көрмеген асауға қалай ие боларсың!? Мен оған "Қабырғасы қарағайдай қаба жалды қара айғыр" деген ат қойған едім. Жолыққанда осы теңеуімді қысқа қайырсам: "Сен менің титулдарымды түгелдеп, толығымен айт!" деп, ақсия күліп, қобыраған шашын жоғарыға бір сілкіп қоятын. Қайта тумас қазақ, қайталанбас қаламгер еді ғой.

Жұматай кейін «аға сені маған да тапсырды ғой, бас жағы қиын болып тұр, бір нәрсе алып келші»деп әзілдейді екен.

Оның әлем классиктерімен деңгейлес жарық жұлдыз екендігі енді білініп жатыр. Әлем елдерінен жазғандарына сұраныс көп түсе бастағанда кетіп қалғаны қандай өкінішті! Рахымжан — қытайлар таза өз тілінде кітабын тәржімалаған алғашқы қазақ жазушысы. Ешкімнен қаймығып көрмеген, адал



жүретін, ақ сөйлейтін заманның батыры еді.

Шерағамыз 1980-89 жылдары «Қазақ әдебиеті» газетін басқарды. «Қазақ әдебиетінің» сол кездегі кескін-келбетін бүгінде көп адам аңыз ғыш айтады. Әдеби сын, өткір мақала, фельетон мен очеркгің түр-түрі, ең аяғы анекдот пен қыжыртпаға дейін табылады екен газеттен. Сол кезеңде Рахымжан Отарбаев редактордың айтуымен «Арал тағдыры — адам тағдыры» деп мәселе көтереді. Арал мәселесін жазған Рахымжан Отарбаевтың мақалалары қолдан-қолға өтіп оқылып, «Қазақ әдебиетіне» хаттар ағылып келе бастайды. Қысқасы, Рахымжан өзінің өткір мақалаларымен сол жылдары Қазақстан КП Орталық комитетін аяғынан тік тұрғызды, бүкіл Қазақстанды шулатты. Аралдың сол тұстағы обкомына «Аралды құртқан сен» деп кеудесіне сұқ саусағын қадауы ол кезде барып тұрған нағыз көзсіздік еді ғой. Отарбаевтың журналист ретіндегі «жұлдызды» сәті осы жылдары басталды деуге болады.

Ол қалам ұстаған алғашқы жылдарда өлең жазғанын білемін. Бірақ, онысын тез қоя салды. Өзінің әуелден проза үшін жаралған адам екендігін түсінген болуы керек. Ал, прозасы қайталанбайтын өзіндік ерекшелігімен биіктеп, оқырмандарын тез тауып алды.

